



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Азық-түлік, қызметтер мен тауарлар: маусым айында баға қалай өзгерді

Астана қ.

2025 жыл, 16 шілде

Маусым айында елде **жылдық инфляция 11,8%** (мамырда – 11,3%) болды. 18 өңірде жеделдеген жылдық инфляция 1 өңірде баяулап, тағы 1 өңірде бұрынғы деңгейін сақтап қалды.

Маусым айында **азық-түлік** бағасының өсімі жылдық мәнде 10,6%-ға дейін (мамырда – 9,6%) барды. Осы топқа жататын тауарлар бағасы Ақмола облысында (12,5%) – жоғары өсімді, Алматы қаласында (8,7%) – аз өсім көрсетті.

Маусым айында **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу көрсеткіші жылдық мәнде 9,4% (мамырда – 9,0%) болды. Ең жоғарғы мән – Түркістан облысында (12,5%), ең төменгі мән – Павлодар облысында (6,3%) тіркелді.

Маусым айында ақылы көрсетілетін қызметтер құны жылдық мәнде 16,1%-ға дейін (мамырда – 16,0%) өсті. Сонымен қатар, бағаның жалпы республикалық деңгейден төмен өсімі Маңғыстау облысында (10,1%) байқалды.

Маусым айында ел аумағындағы **айлық инфляцияның өсімі 0,8%** болды.

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz